



лік нұсқаулар

Форма  
Ф СО ПГУ 7.18.2/05

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік Университеті

Информатика және ақпараттық жүйелер кафедрасы

050418-Кітапханатану және библиография  
мамандығының студенттеріне арналған  
«Автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйелер»  
пәні бойынша зертханалық жұмыс орындауына арналған

**ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

Павлодар



ік нұсқауларды бекіту  
парағы

Форма  
Ф СО ПГУ 7.18.1/05

### **БЕКІТЕМІН**

ФМжАТФ-інің деканы

\_\_\_\_\_ Тлеукенов С.К.

«\_\_»\_\_\_\_\_2009 ж.

Құрастырушы: аға оқытушы Токжигитова Н.К.

Информатика және ақпараттық жүйелер кафедрасы

050418-Кітапханатану және библиография мамандығының студенттеріне  
арналған

«Автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйелер»  
пәні бойынша зертханалық жұмыстар орындауына арналған

### **ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

Кафедраның отырысында қарастырылған  
«\_28»\_\_08\_\_2009ж. №\_1\_ хаттама

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Ж.К.Нұрбекова

ФМжАТ факультетінің әдістемелік кеңесінде құпталған  
«\_»\_\_\_\_\_200\_ж. №\_\_\_\_ хаттама

ӘК төрайымы \_\_\_\_\_ А.Т.Кишубаева

## **Деректер қорын басқару жүйесі туралы қысқаша теориялық мағлұматтар**

**Деректер қоры** – ақпаратты ұйымдастырылған түрде сақтауға арналған құрылым.

Деректер қоры ұғымымен деректер қорын басқару жүйесі тығыз байланысты.

**ДҚБЖ** деп жаңа қордың құрылымын жасауға, оны мәліметпен толтыру, түзету және визуализациялауға мүмкіндік беретін программалық кешенді айтады.

Егер де деректер қорында ешбір мәлімет болмаса бұл – бос деректер қоры деп атайды. Қорда мәлімет болмағанымен, онда қордың құрылымы бойынша ақпарат бар деп айтады.

Кез келген деректер қорының негізгі объектісі – кесте болып саналады.

Әрбір кестенің өзінің бағандары мен жолдары болады, деректер қорында оларды **өрістер**(поля) мен **жазбалар**(записи) деп атайды.

### **Деректер қорындағы өрістердің қасиеттері**

1. **Өріс аты** (имя поля) – автоматты операцияларды жүргізген кезде өрістерді хабарлау.
2. **Өріс типі** (тип поля) – берілген өрісте сақталатын деректердің типін анықтайды.
3. **Өріс өлшемі** (размер поля) – берілген өрісте сақталатын деректердің ені бойынша шектелуін көрсетеді. (символдар бойынша)
4. **Өріс форматы** (формат поля) – ұяшықтардағы мәліметтерді форматтау тәсілін анықтайды.
5. **Енгізу маскасы** (маска ввода) – ұяшықтарға деректердің енгізілу түрін анықтайды.
6. **Жазылуы** (подпись) – берілген өрістің кестедегі хабарлануын анықтайды.
7. **(значение по умолчанию)** – көрсетілетін мән ұяшықтарға автоматты түрде енгізіледі.
8. **(условие на значение)** – енгізілетін мәліметті тексеру мақсатында қойылатын шектеу.
9. **Қате туралы хабар** (сообщение об ошибке) – ұяшыққа қате мәліметті енгізген кезде автоматты түрде шығатын сұхбаттық хабар.
10. **Міндетті өріс** (обязательное поле) – деректер қорын толтырғанда бұл өрістердің міндетті толтыруын анықтайды.

### **Мәліметтер типі**

1. **Мәтіндік** (текстовый) – мәтіндік ақпаратты сақтауға арналған тип (255 символға дейін).
2. **Мемо өрісі** (поле Мемо) – үлкен көлемді мәліметті сақтауға арналған арнайы тип (65535 символға дейін).
3. **Сандық** (числовой) – нақты сандық мәліметті сақтауға арналған тип.
4. **Дата/время** – календарлық күндер мен ағымды уақытты сақтауға арналған тип.
5. **Ақшалық** (денежный) – ақшалық мәнді сақтайтын тип.
6. **Счетчик** – автоматты түрде өсірілетін натуралды сандарды сақтайтын арнайы тип. (мәндері қайталанбайды).
7. **Логикалық** – логикалық мәліметті сақтайтын тип. Екі мәнді қабылдайды: Иә - Жоқ
8. **OLE объектісінің өрісі** (поле объекта OLE)- мультимедиялық ақпаратты сақтауға арналған арнайы тип. (Excel кестесі, Word құжаты, т.б.)
9. **Гиперссылка** – Интернеттің Web-объектілерінің адрестерін сақтауға арналған тип.

### **Деректер қорын басқару жүйесінің негізгі объектілері**

**Кесте** – біріншіден, кестеде мәліметтер сақталады, екіншіден, қордың құрылымын сақтайды (өрістер, олардың типтері мен қасиеттері).

**Сұраныс**(Запрос) – бұл объект кестедегі ақпаратты пайдаланушыға ыңғайлы түрде алып шығуға мүмкіндік береді. Сұраныстың көмегімен ақпаратты сұрыптайды, сүзгілейді және қажетті алгоритм бойынша жаңа кестелерді құруға болады.

**Форма** – мәліметті енгізу құралы, бұның көмегімен пайдаланушыға тек толтыруға қажетті өрістерді көрсетіп, артығын жасырып тастауға болады. Форманы қалауымызша безендіруге болады.

**Отчет** - өзінің қасиеті бойынша формаларға ұқсас, бірақ ең басты айырмашылығы отчет мәліметтерді баспаға (қағазға) шығаруға дайындайды. Сондықтан да оның бет нөмірін, колонтитулды, отчеттың жасалған күнін көрсететін арнайы мүмкіндіктері бар.

**Макрос және модуль** – қайталанатын операцияларды автоматтандыру мақсатында қолданады.

*Макростар* ДҚБЖ-ң ішкі командалар тізбегінен тұратын және деректер қорымен жұмысты автоматтандыратын негізгі құралы болып табылады.

*Модульдер* Visual Basic for Applications программалу тілінің көмегімен жасалынады. Құрастырушы бұның көмегімен деректер қорына бейстандарт мүмкіндіктерді енгізе алады.

Деректер сұлбісі (Схема данных)

Деректер қорындағы мәліметтерді белгілі бір критерий бойынша бірнеше кестелерге бөліп, оларды бір-бірімен байланыстырған дұрыс.

Access ДҚБЖ-де кестелерді байланыстыру үшін «Деректер сұлбісі» қолданылады.

Кесте жолдар мен бағандардан құралып, деректер қорында оның уникальды аты бар. Деректер қорының құрамында бір-біріне сәйкес келетін өрістердің көмегімен орнатылатын байланыстары бар көп кестелер болады. MsAccess-те кесте арасындағы байланыстың төрт түрін қолдануға болады:

**Один – к - одному** (бірінші кестедегі әрбір өріс екінші кестедегі тек бір ғана өріске сәйкес келеді).

**Один – ко - многим** (бірінші кестедегі әрбір өріс екінші кестенің бірнеше өрістерге сәйкес келеді).

**Много – к - одному** («один – ко – многим» жазбасына сәйкес)

**Много – ко - многим** (бірінші кестедегі бір өріс екінші кестенің тек бір өріспен ғана байланыста болмайды немесе екінші кестедегі бір өріс бірінші кестенің тек бір өріспен ғана байланыста болмайды).

«Один - ко - многим» қатынасы жалпылама мінезді.

## Зертханалық жұмыс № 1

Тақырып: Кестелерді құру

**Мақсаты:** Деректер қойрмен жұмыс істеуде кестені құру, оның жеке элементтерін меңгеріп, қолдану.

- Кесте құрылымы
- Өрістер
- Деректер типі
- Деректер қасиеттері

### Тапсырма 1

Өз дисктарында бос деректер қорын құру. Ол үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. MS Access программасын іске қосу;
2. Жаңа деректер қорын құру (**Файл/Создать базу данных**);
3. ПАПКА ашылатын тізімнен диск 3,5 таңдау;
4. **Файл аты** өрісінде деректер қорының атын енгізу “**фамилия\_топ\_БАЗА ДАННЫХ**”,  батырмасын басу.
5. Деректер қорының терезесі **6 бөлімнен** тұрады, **кесте** бөлімін таңдап,  батырмасын басу.
6. «Жаңа кесте» терезесінде «**конструктор**» пунктін таңдау керек.
7. Кесте құрылымын құру, ол үшін «**имя поля**» және «**тип данных**» бағандарын төменде көрсетілгендей толтыру керек:

Имя поля	Тип данных
Фамилия	Мәтіндік (тышқанмен шертіндер)
Имя	Мәтіндік
Отчество	Мәтіндік
Дата рождения	Дата/время
Адрес	Мәтіндік
Телефон	Мәтіндік
Группа	Сандық

8. Енгізіп болғаннан кейін, **Файл/Сохранить** командасын орындау арқылы кестені «**фамилия\_топ\_база\_таблица\_анкета**» деген атпен сақтаңыздар. Пайда болатын сұраққа “**Создать ключевое поле сейчас?**” жауап ретінде  батырмасын таңдаңыздар.

Сіздердің кестелеріңізде «**код**» деген өріс пайда болады. Бұл өріс «**бастапқы кілт**» (первичный ключ) деп аталады және де кестедегі әрбір жазбаны идентификациялайды (қайталанбайтындай етеді). Бұл өрістегі **деректер типі** (тип данных) «**Счетчик**» болып орнатылады. Бұл жаңа жазба пайда болған жағдайда счетчиктің мәні бірге өсіп отыратынын білдіреді. Нәтижесінде бастапқы кілт болатын әрбір жазбаның өзінің нөмірі пайда болады.

Өріс қасиеттері өріске қандай ақпаратты енгізуге болады, ал қайсысын болмайды және де өрістегі деректермен қандай операцияларды орындауға болатынын анықтайды.

Мысалы, «дата» типі орнатылған өріске **енгізу маскасы** (маска ввода) мерзімдерді енгізуді жеңілдетеді, яғни күнді, айды, жылды ажыратуға арналған ешбір белгілерді енгізуден босатады.

### Тапсырма 2

1. «Общие» бөлігіндегі өрістер типін төмендегідей көрсету:

Өріс	Өрістер қасиеттері						
	Раз мер	Форма т поля	Маска ввода	Подпись	Значение по умолчанию	Обязательное поле	Индексированное поле
Фамилия	30			Фамилия		Иә	Иә (совпадения допускаются)
Имя	12			Имя		Иә	Жоқ
Отчество	30			Отчество		Жоқ	Жоқ
Дата рождения		Краткий формат даты	Краткий формат	Дата рождения		Иә	Жоқ
Адрес	50			Адрес		Иә	жоқ
Телефон	6					Жоқ	Жоқ
Группа	Целое	основной		Группа	Номер вашей группы	Иә	Иә (совпадения допускаются)

### Тапсырма 3

1. Кестені ашу “**Вид/ режим таблицы**”.
2. Жолдарды толтыру.

Ескерту! «**дата рождения**» бағанын толықтырғанда күн мен айды ажырататын бөлгіш таңбалары автоматты орнатылады.

Құрылған кестеге жүйенің ат беру ұсынысына «**Анкета**» енгізу, СОХРАНИТЬ (Файл - Сохранить)

### Тапсырма 4

1. Құрылған кестенің негізінде *Өз топтарындағы* студенттердің фамилияларынан тізім құрыңыздар, ол үшін конструктор режимінде «**фамилия**» өрісіне «**подстановка**» бөлімшесін ашыңыздар да, «**фамилия**» өрісіне келесі қасиетті орнатыңыздар:

<b>Басқару элементінің типі (Тип элемента управления)</b>	Тізімі бар өріс (Поле со списком)
<b>Жол көзінің типі (Тип источника строк)</b> Кесте/сұраныс (Таблица/запрос)	
<b>Жолдар көзі (Источник строк)</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тышқанмен шертіп,</li> <li>2. ... батырмасын басыңыздар.</li> <li>3. Ашылған «сұраныстарды құру» (“построитель</li> </ol>

	запросов”) терезесінде: <input type="checkbox"/> “Анкета” кестесін <input type="text" value="добавить"/> , <input type="checkbox"/> «кестені қосу» (“добавление таблицы”) терезесін <input type="text" value="закрыть"/> <input type="checkbox"/> тышқанның көмегімен «фамилия» өрісін сұраныс бланкінің «өрісі»-не («поле») апару, <input type="checkbox"/> «экранға шығару» (“вывод на экран”) өрісінде <input type="checkbox"/> таңбасы болу керек.
<b>Тізіммен шектелу (Ограничиться списком)</b>	Жоқ

2. Тапсырма 4 орындау нәтижесінде «Анкета» кестесінің «фамилия» өрісінде шерткен кезде тізімнен таңдауды ұйымдастыратын батырма пайда болу керек. Тексеріп көріңдер.  
**ФАЙЛ/СОХРАНИТЬ**

## Зертханалық жұмыс № 2

*Тақырып: Деректерді енгізуге және түзетуге форма қолдану*

**Мақсаты:** MsAccess деректер қорын басқару жүйесінде деректерді енгізуге және түзетуге форманы құру және қолдануды үйрену.

- Формалар құру тәсілдері
- Жазбалар бойынша жылжу батырмалары
- Формадан кесте режиміне ауысу
- Тізімдермен жұмыс

### Тапсырма 1

**«Анкета» кестесін толтыруға арналған форма құру**

- Деректер қоры терезесін ашу;
- «Форма» бөліміне ауысыңыздар;
- батырмасын басыңыздар.
- Автоформа таңдау:** ленточная, «деректер көзі» («источник данных») ретінде «Анкета» кестесін таңдаңыздар.

### Тапсырма 2

**Жазбалар бойынша жылжу батырмалары**

<input type="button" value="▶"/>	Бір жазбаға алға жылжу	<input type="button" value="▶"/>	Соңғы жазбаға ауысу
<input type="button" value="◀"/>	Бір жазбаға кері жылжу	<input type="button" value="▶"/>	Жаңа жазбаны енгізуге мүмкіндік беретін жаңа бетті ашу
<input type="button" value="◀"/>	Бірінші жазба ауысу		

### Тапсырма 3

1. Үшінші курста оқитын топтарды енгізуге арналған кестені құрыңыздар:
  - «Таблицы» бөліміне ауысыңыздар;
  - батырмасын басу;
  - «Жаңа кесте» терезесінде «конструктор» пунктін таңдау;
  - Кесте құрылымын құру, ол үшін «имя поля» және «тип данных» бағандарын төмендегідей толтыру керек:

Имя поля	Тип данных
----------	------------

“Создать ключевое поле сейчас” сұрағына жауап ретінде **нет** батырмасын басыңыздар.

Кестені «Группы» деген атаумен атаңыздар.

#### Тапсырма 4

«Группы» кестесін толтыру үшін форма құру, төмендегі әрекеттерді орындау арқылы осы форманы тотырыңыздар:

«Формы» бөлімін таңдау;

**создать** батырмасын басу;

«Автоформа: в столбец» таңдап, **деректер көзі** ретінде «группы» кестесін таңдау.

#### Тапсырма 5

«Фамилия» өрісіне жаңа фамилияны енгізгеннен кейін ол ашылатын фамилиялар тізімінде болмауы керек. Тексеріңіздер.

#### Тапсырма 6

Жаңа фамилияны енгізгенде ол автоматты түрде тізімге енгізіліп, кейін оны толтырмай, құр таңдау мүмкіндігі болатындай фамилиялардың өздігінен толтырылатын тізімді құру:

1. «Анкета» кестесіне негізделген «Форма для добавления записей» атты **форманы** құру.

Бұл форма тізімге жаңа пунктерді енгізу үшін қолданылады.

2. Макростар тобын құрыңыздар. Бұл пунктті орындаған кезде сақ болыңыздар.

«Макросы» бөлімін таңдап, **создать** батырмасын басу керек.

«Открыть форму» макрокомандасын енгізу:

✓ *Имя формы:* «форма для добавления записей»

✓ *Режим:* **Форма**

✓ *Режим данных:* **Добавление**

✓ *Режим окна:* **Обычное**

Терезені жауып, макросты «Добавление» деген атпен сақтау.

Келесі макросты құру:

«Выполнить команду» макрокомандасын енгізу:

✓ *Команда* «Сохранить запись (**Save Record**)»

«Выделить объект» макрокомандасын енгізу:

✓ *Тип объекта:* **Форма**

✓ *Имя объекта:* **Анкета**

✓ *В окне базы данных:* **Нет**

«Обновление» макрокомандасын енгізу:

✓ *Имя элемента:* **Фамилия**

Терезені жауып, макросты «Закрытие» деген атпен сақтау.

3. «Форма для добавления записей» формасына конструктор режимінде ауысыңыздар.

4. «Вид/Свойства» режимін таңдау.

5. «События» бөлімін ашу.

6. «Закрытие формы» қасиетіне «Закрытие» макросын қосу.

7. Форманы жабу.

8. «Анкета» формасын конструктор режимінде ашу.

9. «Фамилия» өрісінде тышқанның оң жақ пернесін басып, «свойства» пунктін таңдаңыздар.

«События» бөлімін ашу.



Енгізу өрісінде «**Двойное нажатие кнопки**» қасиетіне макростың «**Добавление**» атын көрсету.

### Тапсырма 7

1. Өздігінен толтырылатын тізімнің негізінде Сіздің құрған макростардың жұмысын тексеру.

- «Анкета» формасының режиміне ауысыңыз.
- «**фамилия**» өрісінде тышқанмен **қос** шертіп, «**Клинтон**» фамилиясын енгізіңіз.
- «**Клинтон**» фамилиясы бар жазба үшін қалған **міндетті** өрістерді толтырыңыз.
- Форманы жабыңыздар. Сіз басты «Анкета» формасына қайта ораласыз.
- батырмасын шертіп, фамилиялар тізімін ашып көріңдер.

Тапсырма 6 дұрыс орындалған жағдайда, онда фамилиялар тізімінде «Клинтон» фамилиясын көретін боласыз.

2. Енгізілген өзгерістерді сақтап, форманы жабыңыз. **ФАЙЛ/СОХРАНИТЬ**.

## Зертханалық жұмыс № 3

*Тақырып: Көпкестелі деректер қорын жобалау*

**Мақсаты:** MsAccess деректер қорын басқару жүйесінде деректерді енгізуге және түзетуге арналған кестелер мен формаларды арнайы шеберлер арқылы құру және қолдануды үйрену.

- Кестелер шебері.
- Формалар шебері.
- Кесте құрылымын модификациялау

### Тапсырма 1

1. «**Преподаватели**» кестесін құру: «**Кестелер шеберін**» («Мастер таблиц») қолданыңыз.

- Кестені құру үшін «**Сотрудники**» нұсқасын таңдап, пайда болған өрістер тізімінен келесі өрістерді таңдау:
  - ✓ Фамилия
  - ✓ Имя
  - ✓ Отчество
  - ✓ Должность
  - ✓ Название отдела («**кафедра**» деп атын өзгерту)
- Құрылған кестеге «**Преподаватели**» деген атау беріп, байланысты орнатпау (Связи **не определять**), яғни  **Далее** батырмасын басу.
- «**непосредственный ввод данных в таблицу**» режимін таңдау
- Конструктор режимінде әрбір өріс үшін төмендегідей типті анықтау

Имя поля	Тип данных
Фамилия	Мәтіндік (тышқанмен шертіңіз)
Имя	Мәтіндік
Отчество	Мәтіндік
Должность	Мәтіндік
Кафедра	Мәтіндік

Конструктор режимінде «Общие» бөлімінде өрістердің қасиеттерін төмендегідей орнату:

Өріс	Өрістер қасиеттері
------	--------------------

	Размер	Формат поля	Маска ввода	Подпись	Значение по умолчанию	Обязательное поле	Индексированное поле
Фамилия	30			Фамилия		Да	Да(совпадения допускаются)
Имя	12			Имя		Иә	Жоқ
Отчество	30			Отчество		Иә	Жоқ
Должность	20			Должность		Жоқ	Жоқ
Кафедра	50			Кафедра		Иә	Жоқ

«Кафедра» өрісі үшін басқару элементін өзгертіңіз:

✓ «Подстановка» бөлімін ашып, «кафедра» өрісінің келесі қасиеттерін орнатыңыз:

Тип элемента управления	Поле со списком
Тип источника строк	Список значений.
Источник строк	«;» белгісі арқылы кафедра атауларын ажыратып енгізіңіз
Ограничиться списком	Иә

#### Тапсырма 2

- «Преподаватели» кестесін толтыруға арналған форма құрыңыз.
  - «Формы» бөлімінде деректер көзі (источник данных) ретінде «Преподаватели» кестесін көрсетіп, формалар шеберін қолданып форманы құрыңыз.
  - Форманы құру үшін барлық өрістерді белгілеңіз.
  - Форма түрін «ленточная» етіп таңдаңыз.
  - Стилді өз еркілерін бойынша таңдаңыз
  - Форма аты - «Преподаватели»
  - Келесі әрекеттер: «Открыть форму для просмотра»
- Форманы толтырыңыз. «Кафедра» бағаны Сіздің ұйымдастырған тізім арқылы толтырылады.

#### ФАЙЛ/СОХРАНИТЬ

### Зертханалық жұмыс № 4

*Тақырып: Көпкестелі деректер қорын жобалау*

**Мақсаты:** MsAccess деректер қорын басқару жүйесінде көпкестелі деректер қорын жобалау және «тізімі бар өріс» типті басқару элементін пайдалану дағдыларын игеру.

«Поле со списком» - типті басқару элементі

#### Тапсырма 1

- «Дисциплины» кестесінде келесі параметрлерді көрсетіп, конструктор режимінде құру:

Имя поля	Тип данных
Дисциплина	Мәтіндік

«Дисциплины» кестесінің «Общие» бөлігінде өрістер қасиеттерін төмендегідей көрсетіңіз:

Өріс	Өрістер қасиеттері			
	Размер	Подпись	Обязательное поле	Индексированное поле

Дисциплина	20	Дисциплина	Иә	Да (совпадения не допускаются)
------------	----	------------	----	--------------------------------

2. «Дисциплины» кестесін толтыруға арналған **форма** құрыңыз. Ол үшін:

- «**Формы**» бөлігіне ауысыңыз;
- создать** батырмасын басыңыз;
- Автоформа** таңдау: **ленточная**, «**деректер көзі**» ретінде «Дисциплины» кестесін таңдаңыз.

3. **Формаға** үшінші курста өтетін пәндер атауларын енгізіңіз.

#### Тапсырма 2

1. «**Экзамен**» кестесінде келесі параметрлерді көрсетіп, конструктор режимінде құру:

Имя поля	Тип данных
Дисциплина	Мәтіндік
Группа	Сандық
Студент	Мәтіндік
Результат контроля	Мәтіндік

2. «**Общие**» бөлігінде өрістер қасиеттерін төмендегідей көрсетіңіз:

Өріс	Өрістер қасиеттері				
	Размер	Форма т поля	Подпись	Обязательное поле	Индексированное поле
Дисциплина	15		Дисциплина	Иә	Иә (совпадения допускаются)
Группа	3		Группа	Иә	Иә (совпадения допускаются)
Студент	30		Студент	Иә	Иә (совпадения допускаются)
Результат контроля	10		Результат контроля	Иә	Иә (совпадения допускаются)

Қорларыңызда **топтар тізімі** бар кесте, **пәндер тізімі** бар кесте және де **студенттер тізімі** бар «**Анкета**» кестесі бар болғандықтан, оны пайдаланып құрылып жатқан «**Экзамен**» кестесіндегі «группа», «дисциплина», және «Студент» өрістерін автоматты толтырылуын ұйымдастыру қажет. Оны **өрісті басқару элементінің** көмегімен істеуге болады.

#### Тапсырма 3

1. «**Группа**» өрісі үшін басқару элементін өзгерту:

- «**Подстановка**» бөлігін ашып, «**группа**» өрісі үшін келесі қасиеттерді орнатыңыз:

Тип элемента управления	Тізімі бар өріс (Поле со списком)
Тип источника строк	Кесте/Сұраныс
Источник строк	<p>1. Тышқанмен шертіңіз,</p> <p>2. ... батырмасын басыңыз.</p> <p>3. Пайда болған “построитель запросов” терезесінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li><input type="checkbox"/> “<b>Группы</b>” кестесін <b>добавить</b>,</li> <li><input type="checkbox"/> “добавление таблицы” терезесін <b>закрыть</b></li> <li><input type="checkbox"/> Тышқанның көмегімен «<b>Группа</b>» өрісін сұраныстың</li> </ul>

	бланкіне тасымалдаңыз. “ <b>вывод на экран</b> ” өрісінде <input type="checkbox"/> таңбасы болуы керек
<b>Ограничиться списком</b>	Иә

2. «Дисциплина» және «студент» өрістерінің сәйкесінше басқару элементтерін өзгертіңіз, жолдар ретінде сәйкесінше «**дисциплины**» және «**анкета**» кестелері болады.
3. «**Результат контроля**» өрісі үшін басқару элементін төмендегідей өзгертіңіз:
  - «**Подстановка**» бөлігін ашып, «Бақылау нәтижесі» өрісі үшін келесі қасиеттерді орнатыңыз:

<b>Тип элемента управления</b>	Тізімі бар өріс
<b>Тип источника строк</b>	Мәндер тізімі (Список значений)
<b>Источник строк</b>	Бір-бірінен «;» таңбасы арқылы ажыратылған бағалар тізімін енгізіңіз ( <b>отлично; хорошо; удовлетворительно; неудовлетворительно</b> )
<b>Ограничиться списком</b>	Иә

#### Тапсырма 4

1. «**Экзамен**» кестесін толтыруға арналған **форма** құрыңыз. Ол үшін:
  - «**формы**» бөлігіне ауысыңыз
  - создать** батырмасын басыңыз.
  - Автоформа** таңдау: **ленточная**, «**источника данных**» ретінде «**Экзамен**» кестесін таңдаңыз.

#### Тапсырма 5

1. *Тапсырма 4* құрылған «**Экзамен**» формасын пайдаланып, өз таңдауыңыз бойынша тобыңыздағы түгел студенттер үшін «**Экзамен**» кестесіне екі пән бойынша мәліметті енгізіңіз. Бағаларды өз еркіңіз бойынша қойып шығыңыз (**мүмкіндігінше әртүрлі**).

### Зертханалық жұмыс № 5

*Тақырып: Көпкестелі деректер қорын жобалау*

**Мақсаты:** MsAccess деректер қорын басқару жүйесінде көпкестелі деректер қорын жобалау және «тізімі бар өріс», «флажок» типті басқару элементін пайдалану дағдыларын игеру.

- Тізім бар өріс (Поле со списком) типті басқару элементі
- «Флажок» – типті басқару элементі

#### Тапсырма 1

1. «**Зачет**» кестесінде келесі параметрлерді көрсетіп, конструктор режимінде құру:

Имя поля	Тип данных
Дисциплина	Мәтіндік
Группа	Сандық
Студент	Мәтіндік
Результат	Логический

2. «**Общие**» бөлігінде өрістер қасиеттерін төмендегідей көрсетіңіз:

Өріс	Өрістер қасиеттері				
	Размер	Формат поля	Подпись	Обязательное поле	Индексированное поле
Дисциплина	15		Дисциплина	Иә	Иә (совпадения допускаются)
Группа	3		Группа	Иә	Иә (совпадения допускаются)
Студент	30		Студент	Иә	Иә (совпадения допускаются)
Результат		Да/Нет	Результат	Иә	Иә (совпадения допускаются)

Қорларыңызда топтар тізімі бар кесте, пәндер тізімі бар кесте және де студенттер тізімі бар «Анкета» кестесі бар болғандықтан, оны пайдаланып құрылып жатқан «Зачет» кестесіндегі «группа», «дисциплина», және «Студент» өрістерін автоматты толтырылуын ұйымдастыру қажет. Оны өрісті басқару элементінің көмегімен істеуге болады.

3. «Группа» өрісі үшін басқару элементін өзгерту:

✓ «Подстановка» бөлігін ашып, «группа» өрісі үшін келесі қасиеттерді орнатыңыз:

Тип элемента управления	Тізімі бар өріс
Тип источника строк	Кесте/сұраныс
Источник строк	<p>4. Тышқанмен шертіңіз,  5. ... батырмасын басыңыз.  6. Пайда болған “построитель запросов” терезесінде:  <input type="checkbox"/> “Группы” кестесін <b>добавить</b>,  <input type="checkbox"/> “добавление таблицы” терезесін <b>закрыть</b>  <input type="checkbox"/> Тышқанның көмегімен «Группа» өрісін сұраныстың бланкіне тасымалдаңыз.  “вывод на экран” өрісінде <input checked="" type="checkbox"/> таңбасы болуы керек</p>
Ограничиться списком	Иә

Сәйкесінше «Дисциплина» және «студент» өрістерінің басқару элементтерін өзгертіңіз, жолдар ретінде сәйкесінше «дисциплины» және «анкета» кестелері болады.

## Тапсырма 2

1. «Зачет» кестесін толтыруға арналған форма құрыңыз. Ол үшін:

- «Формы» бөлігіне ауысыңыз
- создать** батырмасын басыңыз.
- Автоформа таңдау: ленточная, «деректер көзі» ретінде «Зачет» кестесін таңдаңыз.

2. Құрылған «Зачет» формасының көмегімен өз тобыңыздың түгел студенттер үшін екі пән бойынша мәліметті өз қалауыңызша енгізіңіз.

Сынақты  $\sqrt{\quad}$  таңбашасымен белгілеңіз.

Осы «Зачет» кестесінің екі жағдайы болуы мүмкін: «сынақ»(**зачет**) немесе «сынақ емес» (**незачет**). Екі жағдайдың біреуін таңдай алатын басқару элементі ретінде «**флажок**» таңбашасы қолданылатынына **көз жеткіздіңіз**.

Енді «**флажоктың**» жанында «зачет» жазбасының пайда болуын жасайық, ал егер «флажок» болмаса (яғни, сіз оны белгілемеген жағдайда), онда «незачет» жазуы пайда болсын.

### Тапсырма 3

«Флажок»-тың көмегімен екі жағдайдың бірін таңдау үшін *Iif* басқару функциясын қолдану қажет. Ол үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. «Зачет» формасын **конструктор** режимінде ашыңыз:
2.  $\sqrt{\quad}$  флажок типті өрістің оң жағынан «поле» типті элементті қосу:  
 Саймандар тақтасындағы  $\sqrt{\quad}$  таңбашасын тышқанмен шертіп, флажоктың оң жағынан тышқанмен тағы бір рет шерткенде ерікті жазуы бар өріс пайда болады (поле.....).
3. Осы өрісте «оң жақ пернені» шертіп, «свойства» пунктін ашыңыз. «Данные» қасиетіне төмендегі өрнекті енгізіңіз:  
$$=Iif([Результат];"Зачет";"Незачет")$$
4. «Надпись» үшін «Вывод на экран» қасиетіне «жоқ» мәнін орнатыңыз («надпись» өрістің сол жағында орналасқан)

### Тапсырма 4

1. «Зачет» формасын форма режимінде қарап шығыңыз. Енді орнатылған «флажок» - «зачет» мәніне сәйкес болып, ал алынған «флажок» - «незачет» мәніне сәйкес болады.
2. «**флажок**» деген жаңа басқару элементін пайдаланып сынақ нәтижелерін қайта қойып көріңіз. **САҚТАУ**

## Зертханалық жұмыс № 6

*Тақырып: Көпкестелі деректер қорын жобалау*

**Мақсаты:** MsAccess деректер қорын басқару жүйесінде көпкестелі деректер қорын жобалау және кестелер арасындағы байланыстарды орнату дағдыларын игеру.

□ Кестелер арасындағы байланыстар

Кесте жолдар мен бағандардан құралып, деректер қорында оның уникальды аты бар. Деректер қорының құрамында бір-біріне сәйкес келетін өрістердің көмегімен орнатылатын байланыстары бар көп кестелер болады. MsAccess-те кесте арасындағы байланыстың төрт түрін қолдануға болады:

**Один – к - одному** (бірінші кестедегі әрбір өріс екінші кестедегі тек бір ғана өріске сәйкес келеді).

**Один – ко - многим** (бірінші кестедегі әрбір өріс екінші кестенің бірнеше өрістерге сәйкес келеді).

**Много – к - одному** («один – ко – многим» жазбасына сәйкес)

**Много – ко - многим** (бірінші кестедегі бір өріс екінші кестенің тек бір өріспен ғана байланыста болмайды немесе екінші кестедегі бір өріс бірінші кестенің тек бір өріспен ғана байланыста болмайды).

**«Один – ко - многим» қатынасы жалпылама мінезді.**

Нақты мысалда кестелердің арасындағы байланыстың қажеттілігін қарастырайық.

*Демек, Сіз барлық топтар үшін «Экзамен» және «Зачет» кестелерін толық толтырдыңыз да, «Дисциплины» кестесіндегі бір пәннің аты қате енгізілгенін байқадыңыз. Ал бұл жіберілген қателік «Экзамен» немесе «Зачет» кестелерін толтырғанда кейбір келіспеушіліктерді туғызды. Сол сияқты студенттің фамилиясымен де сондай жағдайлар болып қалуы мүмкін және т.с.с*

*«Дисциплины» кестесіндегі пән атын немесе «Анкета» кестесіндегі студенттің фамилиясын түзетіп, бұл түзетулер «Экзамен» және «Зачет» кестелерінде автоматты түрде түзетілгендей не істеу қажет? Ол үшін кестелердің арасында байланысты орнату керек.*

### Тапсырма 1

**«Зачет» – [«Дисциплины», «Анкета»]** кестелері арасында байланысты орнатыңыз.

«один - ко - многим» қатынасы тек байланыс орнатылатын өрістің келесі қасиеті болған жағдайда ғана орнатылады («один» қатынасы жағынан):

**Индексированное поле – «Да, совпадения не допускаются»**

Бұл «Анкета» кестесіндегі «фамилия» өрісіне және «Дисциплины» кестесіндегі «дисциплина» өрісіне қатысты. Тапсырманы орындау алдында өз кестелерінде бұл қасиеттердің орнатылғанын тексеріңіз.

1. Ол үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

- «Таблицы» режиміне ауысыңыз;
- **Ашық** кестелер, не формалар болса – оларды **жабыңыз**.
- Басқару тақтасында «Схема данных» батырмасын басыңыз.
- **Тышқанды** пайдаланып **добавить** батырмасын қолданып, барлық кестелерді - «Зачет», «Анкета», «Дисциплины» схемаға қосыңыз.
- «Добавление таблицы» терезесін жабыңыз. Деректер схемасында жоғарыда айтылған кестелердің схемалары пайда болуы керек.

